Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/«ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі жүйелерін/ «ForteBusiness API» сервисін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетудің жалпы талаптары» үлгілік нысанын бекіту туралы бұйрықтың қосымшасы

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ / «FORTEBUSINESS» МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ» ЖҮЙЕЛЕРІН/ «FORTEBUSINESS API» СЕРВИСІН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Осы Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингі/ «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерін/«ForteBusiness API» сервисін пайдалану арқылы қашықтан қызметудің жалпы талаптары (бұдан әрі – Жалпы талаптар) «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Клиент арасында Клиенттің банктік шоттарын жүргізуге, төлемдер және(немесе) аударымдарды жүзеге асыруға, Жалпы талаптарда айтылған және Банктің «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйесін/«ForteBusiness API» сервисін пайдалану арқылы ұсынатын басқа да қызметтеріне байланысты туындайтын қарым-қатынасты реттейді. Жалпы талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасының, «ForteBank» АҚ-та «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелері/«ForteBusiness API» сервисі арқылы заңды тұлғаларға/жеке кәсіпкерлерге электрондық банк қызметтерін көрсету туралы қағидалардың (бұдан әрі – ЭБҚ көрсету қағидалары), Банктің басқа да ішкі құжаттарының негізінде жасалды.

Жалпы талаптар Банктің https://business.forte.kz/ru/banking ресми интернет-сайтында жарияланды. Клиент Жалпы талаптарға Клиент ұсынатын Қосылу туралы өтінішке (заңды тұлғаларға арналған) қол қою арқылы қосылады, бұл құжатта оның негізгі талаптары қамтылады және бірлескен бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі – Шарт) білдіреді.

Клиент «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерінде/ ForteBusiness API» сервисінде тіркелуді және авторизациядан өтуді жүзеге асыра отырып, Банктің төмендегілерді орындауына өз келісімін береді:

1) осы тұлғаның дербес және/немесе басқа да деректерін жинауға, өңдеуге және осы деректерді Кредиттік бюроға беруге;
2) Мемлекеттік дерекқордан (МД) алынған ол туралы мәліметтерді Алушының алуына;
3) ол туралы МД-дан алған ақпаратты Кредиттік бюроның Алушыға беруіне;
4) Кредиттік бюроның МД-дан МД операторларынан/иелерінен ол туралы ақпаратты алуына;
5) МД иелерінің барлық МД-дан алынған ол туралы ақпаратты Кредиттік бюроға тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
6) Банктің ол туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Алушыға беруіне.

1. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Аутентификация – Банк бекіткен Қауіпсіздік процедураларын қолдану арқылы Клиенттің электронды құжатының түпнұсқалылығын және дұрыс жасалғанын, ерік білдіруін растау;
1.2. Клиенттің банктік шоты – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы және/немесе жинақ шоты;
1.3. Биометрикалық сәйкестендіру – Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерінің негізінде оның электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын анықтау рәсімі;
1.4. Өтінім – Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness интернет-банкингі/Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингіне өту рұқсатын алу туралы Банктің белгілеген нысанында ресімделген өтінім;
1.5. Сәйкестендіру – электрондық банк қызметтерін алу құқығын біржақты растау мақсатында Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының нақты өзі екендігін растау рәсімі;
1.6. Клиент – шарт жасаған заңды тұлға, оның филиалдары және өкілдіктері/жеке кәсіпкер, шаруа (фермер қожалығы), жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор;
1.7. Байланыс деректері – Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуға байланысты мәселелер бойынша Банкке хабарласуы үшін Банктің/Банктің жауапты қызметкерлерінің байланыс телефондары мен мекенжайлары;
1.8. Курьерлік қызмет – пошта жөнелтілімдерін тасымалдау мен табыстау бойынша пошта операторы көрсететін пошта байланысы қызметтері;
1.9. Клиенттің логині – Банк Клиентке ұсынатын және Жүйеде тіркелу және кейіннен электрондық банк қызметтерін алу үшін Пайдаланушының логинімен бірге пайдаланылатын бірегей сәйкестендіргіш. Клиенттің логині ретінде белгіленген тәртіпте Банкте тіркелген Клиенттің мобильді телефонының нөмірі пайдаланылады;

1.10. Пайдаланушының логині – Клиенттің Жүйеде тіркелуі үшін және әрі қарай Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі арқылы электрондық банк қызметтеріне өтуі үшін Банк барлық Пайдаланушыларға/Клиенттің уәкілетті тұлғаларына ұсынатын Клиенттің бірегей логині. Мобильді интернет-банкингінде Пайдаланушының логині ретінде Клиенттің/Клиенттің уәкілетті тұлғасының мобильді телефонының нөмірі қолданылады. Пайдаланушының логині көрсетілген екі жүйеге де кіру үшін қолданылады;

1.11. «ForteOTP» мобильді OTP токені – «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness интернет-банкингі» жүйелерінде Клиентке электрондық банк қызметтеріне өту рұқсатын беру кезінде пайдалануға арналған бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру кодын қалыптастыратын/жасайтын мобильді қосымша;

1.12. Құпиясөз – құпия таңбалар (әріптер, сандар және/немесе арнайы таңбалар) жиынтығы, оны Жүйеде тіркелу кезінде Пайдаланушы белгілейді не Жүйені пайдалану барысында өзгертеді және ол Пайдаланушының жеке басын растауға (аутентификациялауға) және электрондық банк қызметтеріне қол жеткізуді қорғауға арналады. Пайдаланушы Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингінде не Мобильді интернет-банкингінде орнатқан (ойлап тапқан немесе өзгерткен) құпиясөз біреу ғана және аталған екі жүйеге де өті үшін қолданылады. Интернет-банкингіне, Мобильді интернет-банкингіне өту үшін бастапқы құпиясөзді Банк автоматты түрде қалыптастырады және Пайдаланушыға Банкте тіркелген мобильді телефон нөміріне SMS-хабарлама жолдау арқылы жіберіледі. Көрсетілген бастапқы құпиясөзді Пайдаланушы Жүйеге алғаш кірген кезде міндетті түрде ауыстыруы тиіс;

1.13. ДСН – Құрылған кодты алу мақсатында Digipass құрылғысын іске қосу үшін қажетті дербес сәйкестендіру нөмірі. Банк әрбір Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына береді;

1.14. Жылдам кіру ДСН-коды - құпия цифрлық таңбалар жиынтығы, Пайдаланушы Мобильді интернет-банкингінде тіркелу кезінде өзі орнататын, логин мен құпиясөзді қайта енгізбестен Мобильді интернет-банкингіне оңай кіруге арналады;

1.15. Клиенттің Жүйеге қосылуы – Шарттың талаптарына және/немесе Клиенттің өтініміне сәйкес Жүйеде Пайдаланушыны/Клиенттің уәкілетті тұлғаларын тіркеу;

1.16. Пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент өтінімінде көрсеткен, Шартқа сәйкес Жүйеге кіру құқығы және Клиенттің атынан Банкке нұсқауларға қол қою және жіберу құқықтарын қоспағанда, Клиенттің электрондық банк қызметтерін алуы үшін қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілген тұлға;

1.17. Клиенттің өкілі – Клиенттің тиісті сенімхаты негізінде Банктен Клиенттің Жүйені тиісінше пайдалануы үшін қажетті барлық ақпаратты, құрылғыларды және құжаттарды алуға, сондай-ақ Шарт шеңберінде қызметтерді алу мақсатында өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлға;

1.18. Қауіпсіздік процедурасы – Жүйеге қосылу, электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Пайдаланушыны/Клиенттің уәкілетті тұлғасын сәйкестендіруге арналған ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдары мен ұйымдастырушылық шаралар кешені, оның электрондық банк қызметтерін алу құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында жүзеге асырылады;

1.19. Жұмыс күндері – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес демалыс немесе мереке күндеріне жатпайтын күндер;

1.20. Құрылған код – бір реттік (біржолғы) код - бағдарламалық-аппараттық құралмен (Digipass құрылғысы) жасалатын және Клиентке Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингінде электрондық банк қызметтерге өту рұқсатын беру кезінде ұсынылатын бір реттік пайдалануға арналған электронды цифрлық таңбалардың бірегей бірізділігі;

1.21. Жүйе – «Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингі»/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» бағдарламалық жасақтамасы, ол арқылы Банк Клиентке электрондық банк қызметтерін ұсынады. Жүйеге қолжетімділік Интернет арқылы Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингі (https://ibank.forte.kz/) вед-адресі көмегімен, сонымен қатар мобильді қосымшасы орнатылған және интернеті бар мобильді телефон немесе басқа да құрылғы (IOS, Android) арқылы жүзеге асырылады;

1.22. Клиенттің жүйесі - Клиент Банкке тиесілі емес сервиспен өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтама және ақпараттық жүйелер;

1.23. СМС-код – пайдаланушының сұрауы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын, Клиенттің уәкілетті тұлғасының Өтінімде көрсетілген мобильді телефонының нөміріне SMS-хабарлама арқылы жіберілген және Пайдаланушыға электрондық банк қызметтеріне өту рұқсатын беру кезінде бір рет пайдалануға арналған, Жүйеде қолданылатын, бірегей ретпен орналасқан электрондық цифрлық таңбалардан тұратын бір реттік (біржолғы) код;

1.24. Digipass құрылғысы – Шартқа және ЭБҚ көрсету қағидаларының талаптарына сәйкес Банк Клиентке беретін, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингінде қолданылатын, код құрастыратын/жасайтын электронды құрылғы (бағдармалық-аппараттық құрал). Бұл ретте Digipass құрылғысын іске қосу үшін ДСН қолданылады;

1.25. Электронды-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – ЭЦҚ құралдарымен жасалған, электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермегендігін растайтын, сәйкестендіру құралы болып

табылатын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы. ЭЦҚ Жүйеде Клиентті сәйкестендіру мен аутентификациялау мақсатында қолданылады;

1.26. Электронды құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және сәйкестендіру құралдарымен куәландырылған, жөнелтуші жасаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жасалғаннан кейін оған енгізілген бұрмаланулар және (немесе) өзгерістер қамтылмаған құжат;

1.27. Client ID, Secret – бірегей сәйкестендіргіштер - Client ID, Secret деректері, Банк Клиентке аутентификациядан өту үшін және Сервиске өту рұқсатын алу үшін ұсынады, Клиентті сәйкестендіру және Сервиспен өзара іс-қимыл жасау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады;

1.28. FaceID - Клиенттің бет-әлпетінің көлемді - кеңістіктік формасының сканері, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингіне кіруге болады;

1.29. Open API – қосымшаларды бағдарламалаудың ашық интерфейсі (ағылш. – Open Application Programming Interface), Жүйе арқылы электрондық банк қызметтерін көрсету кезінде деректер алмасуды автоматтандыру мақсатында әзірлеушілерге жабық бағдарламалық қосымшаға бағдарламалық қол жеткізуді ұсынады (бұдан әрі – Сервис);

1.30. SMS-верификация - Клиенттің мобильді телефон нөміріне Мобильді интернет-банкингінде сәйкестендіру немесе аутентификациялау кезінде енгізілетін SMS-кодты қамтитын SMS-хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылатын динамикалық сәйкестендіру процесі;

1.31. TouchID - Клиентті саусақ ізі арқылы сәйкестендіретін жүйе, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингіне кіруге болады.

Жалпы талаптарда қолданылатын өзге де арнайы терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мәнге сәйкес пайдаланылады.

2. «ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ»/ «ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН «FORTEBUSINESS» МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГІ» ЖҮЙЕЛЕРІ/ FORTEBUSINESS API» СЕРВИСІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

2.1. Банк Клиентке Жалпы талаптарда және ЭБҚ көрсету қағидаларында бекітілген тәртіпте электрондық банк қызметтерін (ЭБҚ) көрсетеді.

2.2. Электрондық банк қызметтеріне мыналар кіреді:

2.2.1. Ақпараттық-банктік қызметтер:

1) Өтінімге сәйкес Жүйеге қосылған Клиенттің Банктік шоттарына қолжетімділікті ұсыну;

2) Клиенттің Банктік шоттары бойынша ақша қалдығы және(немесе) қозғалысы туралы, Клиенттің шоттары бойынша жүзеге асырылған төлемдер және(немесе) аударымдар туралы ақпарат беру;

3) төлемді алушылардың (бенефициарлардың) тізімін ретке келтіру, оның ішінде қажетті өзгерістерді енгізу;

4) төлемдердің және(немесе) аударымдардың тарихын қарау;

5) болашақта бір типтес төлемдерді және(немесе) аударымдарды жүзеге асыруға арналған шаблондарды жасау;

6) қауіпсіз қосылу арнасының көмегімен электрондық хабарламалар арқылы Банкпен байланысу (Банктің жауап беру мерзімі мен тәртібі «ForteBank» АҚ-ның банк операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидаларда белгіленеді);

7) анықтамалар алу.

2.2.2. Төлем қызметтері:

1) Клиенттің Банктік шоттарындағы теңгедегі және шетел валютасындағы ақшаны аудару және(немесе) төлемдерді жүзеге асыру;

2) шетел валютасын сатып алу мен сатуды жүзеге асыру;

3) Клиенттің Банктік шоттары бойынша үнемі қолданылатын нұсқаулықтар (электрондық құжаттар) жасау, өзгерту немесе күшін жою;

4) алдағы уақытта Клиенттің Банктік шоттары бойынша төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру бойынша электрондық құжаттарды жасау;

5) төлем карточкаларын шығару/қызмет көрсету.

2.2.3. Басқа қызметтер:

1) банктік (жинақ) шот ашу және салымды орналастыру;

2) ағымдағы банктік шоттарды ашу;

3) ағымдағы банктік шоттарды жабу;

4) кредит ресімдеу және беру.

Бұл толық тізім емес және Жүйенің дамуына байланысты Банк біржақты тәртіпте өзгертуі/толықтыруы мүмкін.

3. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ, ТӘСІЛІ МЕН ТАЛАПТАРЫ

3.1. Клиентке электрондық банк қызметтеріне қолжетімділік Интернет желісіне қосылған кез келген құрылғыдан Интернет арқылы қорғалған арналар бойынша, сонымен қатар Клиентке Сервиске өту рұқсатын беру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен қашықтан ұсынылады.
3.2. Клиентке электрондық банк қызметтеріне қолжетімділік Пайдаланушылардың/Клиенттің уәкілетті тұлғаларының бірі Жүйеде тіркеуден өткен соң беріледі. Бұл ретте төлем қызметтері төлем қызметтерін алу үшін Банкке Клиенттің электронды құжатын ұсынуға қажетті және жеткілікті құқығы бар Клиенттің уәкілетті тұлғасы тіркелген жағдайда ғана ұсынылады.
3.3. Клиенттің/ Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Жүйеде тіркеуден өту тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету қағидаларында бекітіледі.
3.4. Ақпараттық банк қызметтерін ұсыну Клиент сәтті сәйкестендіру мен аутентификациядан өткен жағдайда жүзеге асырылады.
3.5. Төлем қызметтерін көрсету Клиенттің Қауіпсіздік процедураларына сәйкес сәйкестендіру мен аутентификациядан сәтті өту жағдайында жүзеге асырылады.
3.6. Клиентті сәйкестендіру, аутентификация, Жүйе арқылы электронды құжатты ұсыну тәртібі мен талаптары ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленеді.
3.7. Электрондық банк қызметтерін алу үшін Клиенттің Банктік шоттарын Жүйеге қосу және оларды Жүйеден өшіру Клиенттің Банкке жіберген хатының және/немесе Шартқа қатысты жаңа өтінім негізінде жүзеге асырылады.
3.8. Жүйе арқылы төлемдер мен аударымдарды жүргізу кезінде Клиент Жүйеде автоматты түрде жасалған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін электронды құжаттардың нысандарын қолданады. Электрондық құжаттар Клиент Жүйеде авторизация жүргізу кезінде таңдаған интерфейс тіліне байланысты мемлекеттік және/немесе орыс тілінде қалыптастырылады.
3.9. Жүйе арқылы шетел валютасында төлемдерді және(немесе) аударымдарды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасын сақтай отырып жүзеге асырылады.
3.10. Шетел валютасында электрондық банк қызметтерін көрсету кезінде қолданылатын валюта айырбастау бағамын операцияны жүргізу кезінде Банк белгілейді.
3.11. Клиент электрондық банк қызметтерінің ақысын Банктің электрондық банк қызметтерін көрсетуі кезінде қолданыста болған, Банк өзі белгілеген және Банктің https://business.forte.kz/ ресми сайтында орналастырылған тарифтеріне (бұдан әрі - тарифтер) сәйкес төлейді.
3.12. Осы арқылы Тараптар Банктің Жүйе арқылы, оның ішінде Сервис арқылы алынған және Қауіпсіздік процедураларын пайдалана отырып Банкке ұсынылған Клиенттің кез келген электрондық құжаттарын Клиент тиісті түрде санкциялаған (акцептеген) құжаттар ретінде қарастыруға құқылы екендігімен келіседі.
3.13. Осы арқылы Клиент Клиенттің Уәкілетті тұлғалары тиісті түрде және әрекет ету мерзімінің ішінде Клиенттің Банктік шоты бойынша тиісті операцияларды жүзеге асыруға уәкілетті болатындығына кепілдік береді және куәландырады.
3.14. Банк электрондық банк қызметтерін ұсынған кезде Банкте Клиентке электрондық банк қызметтерін ұсынуға негіз болған хабарламалардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растау қалады. Клиенттің ресімделген хатының негізінде Банк электронды құжаттардың жіберілгені және/немесе алынғаны туралы растауды Клиенттің хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тараптар келіскен нысанда және тәсілмен (электронды пошта/Жүйе/Сервис/қолға табыстау/курьерлік қызмет арқылы) ұсынады. Электронды құжатты алуды растау ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Клиенттің сұратуы бойынша Банк оған ЭБҚ көрсету қағидаларында көзделген нысанда және мерзімде электрондық банк қызметтерін жіберу және/немесе алу туралы растауды ұсынады.
3.15. Электрондық банк қызметтерін алу мақсатында Клиенттің жүйелерін Сервиспен интеграциялау үшін қажетті барлық іс-шараларды, оның ішінде қажетті ақпараттандыру объектілерін құру/сатып алу/енгізуді Клиент өзі және өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.
3.16. Сервиске зияткерлік меншік объектісі ретінде айрықша құқықтар Банкке тиесілі. Банк Клиентке Сервисті Шартта белгіленген мерзімде және көлемде пайдаланудың айрықша емес, басқаға берілмейтін және қосалқы лицензиялау жүргізілмейтін құқығын береді.
3.17. Шарттың қолданылу мерзімінде Банк ұсынатын электрондық банк қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.
3.18. Электрондық банк қызметтерін ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Клиент келесі байланыс деректері бойынша жүгіне алады:
Телефоны: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75
7575 - мобильді телефоннан, Факс: +7 (727) 259-67-87, E-mail: info@forte.bank
Банктің мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1.

4. ҚАУІПСІЗДІК ПРОЦЕДУРЛАРЫ

4.1. Осы арқылы Тараптар ЭБҚ көрсету қағидаларында айтылған ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету бойынша процедураларды сақтауға міндеттенеді:
4.1.1. Интернет-банкинг:
1) веб-қосымшаның Банкке тиесілігін сәйкестендірудің нақтылығын (домендік атауы, логотиптері, корпоративтік түстері);
2) браузердің жадында авторизациялық деректердің сақталуына тыйым салуды;
3) енгізілген құпияларды жасыруды;
4) веб-қосымшаны пайдалану кезінде ұстануға кеңес берілетін кибергигиенаны қамтамасыз ету шаралары туралы клиенттің авторизациялау парағында хабардар етуді;
5) қателер мен ерекшелік жағдайларын клиент интерфейсінде құпия деректердің көрсетілуіне жол бермей, қате туралы ең аз қажетті ақпаратты ғана ұсына отырып, қауіпсіз түрде өңдеуді қамтамасыз етеді.
4.1.2. Мобильді қосымша:
1) мобильді қосымшаның Банкке тиесілігін сәйкестендірудің нақтылығын (қосымшалардың ресми дүкеніндегі деректер, логотиптері, корпоративтік түстері);
2) операциялық жүйенің тұтастығын бұзу және (немесе) қорғау тетіктерін айналып өту, қашықтан басқару процестерін анықтау белгілері анықталған жағдайда Банктің қашықтықтан қызмет көрсету бойынша функционалын бұғаттауды;
3) пайдаланушыны мобильді қосымшаның жаңартуларының болуы туралы хабардар етуді;
4) күрделі осалдықтарды жою қажет болған жағдайда, мобильді қосымшаның жаңартуларын мәжбүрлеп орнату немесе орнатқанға дейін мобильді қосымшаның функционалын бұғаттау мүмкіндігін;
5) құпия деректерді мобильді қосымшаның қауіпсіз контейнерінде немесе жүйелік есептік деректерді сақтау қоймасында сақтауды;
6) құпия деректерді кэштеуді алып тастауды;
7) мобильді қосымшаның резервтік көшірмелерінде құпия деректердің ашық түрде сақталуын болдырмауды;
8) мобильді қосымшаны пайдалану кезінде кибергигиенаны қамтамасыз ету әдістері туралы пайдаланушыны хабардар етуді;
9) пайдаланушыны оның есептік жазбасындағы авторизация жүргізу, құпиясөзді өзгерту және (немесе) қалпына келтіру, Банк тіркеген мобильді телефон нөмірін өзгерту жағдайлары туралы хабардар етуді;
10) ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру барысында - пайдаланушының рұқсаты болса, Банктің серверлік БҚЖ-на (бағдарламалық интерфейстер серверлерінің бағдарламалық жасақтамасы) мобильді құрылғының геолокациялық деректерін беруді не мұндай рұқсаттың жоқтығы туралы ақпаратты беруді;
11) мобильді құрылғының микрофонына белсенді қолжетімділік анықталған жағдайда, Банк белгілеген тәртіпте ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру бойынша функционалды клиенттің рұқсатымен бұғаттауды не мұндай рұқсаттың жоқтығы туралы ақпаратты Банктің серверлік БҚЖ-на беруді қамтамасыз етеді.
4.2. Электрондық банк қызметтерін көрсету кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қорғаудың ұйымдастырушылық шаралары, тәртібі мен бағдарламалық-техникалық құралдары ЭБҚ көрсету қағидаларында көрсетіледі.
4.3. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет банкингіне өтуге рұқсат беру кезінде Клиентті сәйкестендіру үшін және Аутентификациялау кезінде келесі сәйкестендіру деректері қарастырылады: осы Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына берілген/тиесілі Пайдаланушының логині, Құпиясөз және Digipass құрылғысы немесе «ForteOTP» мобильді OTP токені құраған Құрылған код.
4.4. Мобильді интернет-банкингіне қолжетімділікті жүзеге асыру кезінде Клиентті бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) үшін келесі сәйкестендіру құралдары қолданылады: SMS-верификациялау, Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі - СДАО) арқылы немесе Банктің құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректерді қолдана отырып Клиентті биометриялық сәйкестендіру. Клиентті бастапқы сәйкестендіруден (тіркеуден) кейін, жоғарыда аталғаннан бөлек, Клиент Құпиясөз, Логин (өзінің мобильді телефонының нөмірін), FaceID, TouchID орнатады, сондай-ақ міндетті түрде Жылдам кіру ДСН-кодын орнатады. Мобильді интернет-банкингіне келесі қолжетімділік Логин мен Құпиясөзді, SMS-верификацияны немесе FaceID/TouchID/Жылдам кіру ДСН-кодын қолдану арқылы жүзеге асырылады. FaceID/TouchID/Жылдам кіру ДСН-кодын орнатқан кезде Мобильді интернет-банкинг Клиенттің енгізген Логині мен Құпиясөзін есінде сақтайды және FaceID/TouchID/Жылдам кіру ДСН-кодын қолданудың әрбір жағдайында Мобильді интернет-банкингіне кіру үшін Құпиясөз автоматты түрде енгізіледі.
Мобильді қосымшаға кіру кодын (құпиясөзін) өзгерту СДАО растаған немесе Банк құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректерді пайдалана отырып, Клиенттің биометриялық сәйкестендірілуін қолдана отырып жүзеге асырылады.
4.5. Мобильді интернет-банкингінде Аутентификациялау үшін SMS-верификация немесе Клиенттің ЭЦҚ қолданылады.
4.6. Клиенттің Сервиске қол жеткізуі кезінде оны сәйкестендіру мақсатында келесі сәйкестендіру деректері көзделеді: Client ID, Secret - өнімді және тестілік орталарда қолданылады.

4.7. Жүйедегі қауіпсіздік мақсатында Клиенттің ағымдағы сессиясын автоматты түрде өшіру функциясы қарастырылған. Жүйеде Клиенттің ағымдағы сессиясын өшіру – Жүйеде Клиенттің белсенді әрекеттері ұзақ (10 минуттан астам) болмаған жағдайда (кез келген операцияларды жүзеге асырмау, кез келген электрондық құжаттарды ұсынбау және т. б.) электрондық банк қызметтерін ұсынудан бас тарту дегенді білдіреді.
4.8. Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингінде Қауіпсіздік процедураларын сақтау мақсатында, Digipass құрылғысын алу барысында Клиент/Уәкілетті тұлға Банктен алынған бастапқы ДСН-ді ауыстыруға міндетті. Бастапқы Құпиясөз Клиентке/Клиенттің уәкілетті тұлғасына беріледі және Жүйеге алғаш кірген кезде оны жеке Құпиясөзге ауыстыру талап етіледі.
4.9. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз өту орын алғандығы, оның рұқсатсыз өзгертілгендігі, рұқсат етілмеген төлемнің немесе ақша аударымының іске асырылғандығы, Банктің электрондық банк қызметін ұсыну барысында туындаған басқа да рұқсат етілмеген әрекеттердің туындағандығы жайлы Банк Клиентке, яғни оған қатысты осындай әрекеттердің жол берілгендігі жайлы Клиенттің Өтінімінде көрсетілген байланыс деректері бойынша оқиға орын алғаннан бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ауызша хабарлайды.
4.10. Қауіпсіздік процедураларын сақтау мақсатында Пайдаланушы Жүйелерде жұмыс істеу кезінде келесі қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтауға міндетті:
1) мобильді қосымшаны және оған қажетті жаңартуларды Интернет желісіндегі мобильді операциялық жүйелерді өндірушілерінің ресми онлайн дүкендерінен ғана орнатуға;
2) лицензияланбаған, күмәнді, сондай-ақ тексерілмеген зиянды бағдарламаларды/бағдарламалық жасақтаманы пайдаланбауға міндетті;
3) Жүйеде жұмыс істеу үшін ғана пайдаланылатын, пайдаланушылар қатары шектелген жеке компьютерді қолдану ұсынылады.
4) лицензияланған, уақтылы жаңартылатын антивирустық бағдарламалық жасақтаманы қолдануға міндетті. Вирустардың әрекеті Пайдаланушының сәйкестендіру ақпаратын ұстап қалуға бағытталуы мүмкін;
5) өз компьютерінде және мобильді құрылғысында заманауи операциялық жүйелерді, онда анықталған осалдықтарды жою мақсатында өндіруші компания ұсынған уақытында автоматты түрде жаңартылатын жүйелерді пайдалануға міндетті. Компьютердің операциялық жүйесі мен браузерін үнемі жаңартып отыруға, бұл қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырады;
6) вирустың бар-жоғы тексерілмеген сыртқы ақпарат тасымалдаушыларды компьютерге қоспауға;
7) қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құпиясөзді енгізген кезде «виртуалды пернетақтаны» қолдануға, осылайша енгізілген таңбаларды ұстап қалу мүмкіндігін болдырмайды;
8) жүйелік деңгейде модификация процесіне ұшыраған құрылғыларды («рутированные», rootkit) пайдаланбауға;
9) құрылғының пернетақтасында терілетін құпиясөз сандарының қатарын, Digipass құрылғысы немесе «ForteOTP» мобильді OTP токені құрастыратын кодты, СМС-кодты біреудің көруіне жол бермеуге;
10) тіркелген нөмірі бар мобильді телефоны жоғалған немесе ұрланған кезде мобильді байланыс операторы арқылы тіркелген телефон нөмірін бұғаттауға және Банкке Жүйеге кіру мүмкіндігін бұғаттау туралы хабарлауға;
11) жұмыс аяқталғаннан кейін Жүйе терезесін «Шығу» батырмасын басу арқылы жабуға, компьютерді немесе мобильді құрылғыны Жүйедегі ағымдағы сессиясымен қараусыз қалдырмауға;
12) Интернет байланысын орнататын бағдарламаларда, компьютердегі мәтіндік файлдарда немесе басқа электрондық ақпарат тасымалдағыштарда құпиясөздерді сақтамауға, өйткені оны ұрлау және әшкере ету қаупі бар.
4.11. Жалпы талаптардың 4.9. тармағында көрсетілген рұқсат етілмеген әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және болашақта олардың пайда болуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды.
4.12. Ұйымдастырушылық шаралар мен бағдарламалық-техникалық қорғау құралдарын қоса алғанда, Банк пен Клиент қолданатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау құралдары мен шаралары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес/сай келеді.
Барлық кілттер, токендер және сертификаттар құпия ақпарат болып саналады, ал Клиент өзінің қол жеткізу сәйкестендіргіштерін сақтау және пайдалану үшін жауапты болады.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банктің міндеттері:
Банк:
5.1.1. Банктің веб-сайтында (https://business.forte.kz/ru/banking) ЭБҚ көрсету қағидаларының қолданыстағы нұсқасын орналастыруға және қажеттілігіне қарай жаңартып отыруға;
5.1.2. Жүйеде Пайдаланушыны/Клиенттің уәкілетті тұлғасын ЭБҚ көрсету қағидалары мен Жалпы талаптарда бекітілген тәртіпте және талаптарда тіркеуге;
5.1.3. Клиентке электрондық банк қызметтерін Жалпы талаптарда, ЭБҚ көрсету қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте және талаптарда ұсынуға міндетті;
5.1.4. Әрбір Пайдаланушыға/Клиенттің уәкілетті тұлғасына Пайдаланушының логинін, Құпиясөзін және жұмысқа жарамды Digipass құрылғысын беруге міндетті, Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингіне кіруге арналған құрылғысы бар болса. Пайдаланушының логинін, Digipass құрылғысын іске қосуға арналған

ДСН/Құпиясөзді, Digipass құрылғысын берген кезде Клиенттің өкілі және Банктің уәкілетті тұлғасы Банк белгілеген нысан бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.
5.1.5. Клиентке/оның уәкілетті тұлғасына Digipass құрылғысын берген сәттен бастап 3 (үш) айдан аспайтын кезеңде анықталған/белгіленген Digipass құрылғысының жұмысқа жарамсыздық жағдайында, айтарлықтай сыртқы ақаулары/«LOCK DISABLED» хабарламасы болмаған жағдайда, Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтінішінің негізінде Digipass құрылғысын ауыстыруды Клиенттің/ оның уәкілетті тұлғасының Банкке жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, Банктің тарифтеріне сәйкес төлем алынбай, ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіпте жүзеге асыруға міндетті, құрылғы бар болса.
Осы тармақшаның бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кейін кез келген негіздер бойынша Digipass құрылғысының жұмысқа жарамсыздығы анықталған/белгіленген кезде осы тармақшаның бірінші абзацында және ЭБҚ көрсету қағидаларында көзделген тәртіпте Банк тарифтеріне сәйкес ақылы негізде Digipass құрылғысын ауыстырады.
Банкте ауыстыруға арналған құрылғы болмаған жағдайда, бұрын жүргізілген төлем қайтарылады.
5.1.6. Digipass құрылғысы Клиенттің кінәсінен бұзылған кезде, Digipass құрылғысының сыртқы зақымдануы кезінде (құрылғының экраны сынған және/немесе механикалық зақым келтірілген болса) және/немесе Digipass құрылғысы Клиенттің / Клиенттің уәкілетті тұлғасының ДСН-ді дұрыс енгізбеуі салдарынан 3 реттен көп бұғатталған кезде (Digipass құрылғысы «LOCK DISABLED» хабарламасын көрсетеді), Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші негізінде Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының жазбаша өтініші Банкке келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Digipass құрылғысын, бар болса, Банктің тарифтеріне сәйкес ақылы негізде ауыстыруға міндетті. Бұл ретте жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын Клиент/оның уәкілетті тұлғасы Банктің қызметкеріне Digipass құрылғысының жұмыс істемейтін жай-күйінің себебін көрсете отырып, Digipass құрылғысының анықталған зақымдануының сипаттамасымен/«LOCK DISABLED» хабарламасымен, Банктің жауапты қызметкері және Клиент/оның уәкілетті тұлғасы 2 (екі) данада қол қойған Жұмыс істемейтін Digipass құрылғысын қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсырады.
5.1.7. Жалпы талаптарда және ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген тәртіпте және талаптарда Клиенттің нұсқауларын, Клиент Қауіпсіздік процедуралары мен Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтаған жағдайда, орындауға;
5.1.8. ЭБҚ көрсету қағидаларында және Жалпы талаптарда белгіленген тәртіпте және талаптарда Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингінде/ Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингінде Клиентке Пайдаланушының жаңа логинін, Құпиясөзді, ДСН-ді және Digipass құрылғысын беруге.
5.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамаларында тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, электрондық банк қызметтерін көрсету барысында Клиенттен алынған ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге.
5.1.10. Сервис туралы техникалық құжаттама мен ақпаратты ұсынуға.
5.1.11. Клиентке Шартта белгіленген тәртіпте және талаптарда Сервиске өту рұқсатын беруге.
5.1.12. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын және ақпараттық активтерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтауға, оның ішінде Клиенттің ақпараттық активтерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуының, Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан Клиенттің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы іркілістер мен олардың қауіпсіздігінің бұзылуы нәтижесінде туындаған залалды Шартта белгіленген тәртіпте Клиентке өтеуге міндетті.

5.2. Банктің құқықтары:
Банк:
5.2.1. Клиент Жалпы талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған және/немесе Пайдаланушы /Клиенттің уәкілетті тұлғасы ЭБҚ көрсету қағидаларына сәйкес тіркеу процедураларын және Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған жағдайда, Клиентке оның Пайдаланушысын/уәкілетті тұлғасын жүйеде тіркеуден бас тартуға;
5.2.2. Келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда электрондық банк қызметін көрсетуден бас тартуға:
1) Пайдаланушының логинін және/немесе Құпиясөзін/Жылдам кіру үшін ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ құпиясөзін Жүйеде қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
2) электронды құжаттың Қазақстан Республикасының заңнамасының және/немесе ЭБҚ көрсету қағидаларының және/немесе банктік шот шартының/банктік салым шартының талаптарына сәйкес келмеуі;
3) Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Қауіпсіздік процедураларын сақтамауы;
4) Клиенттің электронды құжатты орындау үшін Банк талап еткен құжаттарды ұсынбауы;
5.2.3. Жалпы талаптар мен ЭБҚ көрсету қағидаларында белгіленген негіздер бойынша электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы;
5.2.4. Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтеріне біржақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге құқылы:
- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда - мұндай өзгерістердің/толықтырулардың (оның ішінде жаңа редакциясының) күшіне енуінен 1 (бір) ай бұрын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын клиенттер бойынша)/3 (үш) ай бұрын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын клиенттер бойынша);

- басқа жағдайларда - мұндай өзгерістердің/толықтырулардың (оның ішінде жаңа редакциясының) күшіне енуінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын, бұл ретте мұндай өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастыру, интернет-банкингі мен мобильді банкингінде хабарламалар жіберу арқылы алдын ала хабарлайды, бұған біржақты тәртіпте өзгеріс енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған жағдайлар қосылмайды. Банк осы тармақта белгіленген тәртіпте Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтеріне өзгерістер/толықтырулар енгізілгені туралы ақпаратты жариялаған күннен бастап хабарлаудың тиісті мерзімі өткен соң, мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енеді. Өзгерістер/толықтырулар енгізілгеннен кейін Шарт жаңа редакцияда қолданысын жалғастырады.

5.2.5. Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Шартқа, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтеріне өзгерістер/толықтырулар енгізуге құқылы, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты өзгертуге тыйым салынады:

- төлемдер мен аударымдар бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда - мұндай өзгерістердің/толықтырулардың (оның ішінде жаңа редакциясының) күшіне енуінен 1 (бір) ай бұрын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын клиенттер бойынша)/3 (үш) ай бұрын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын клиенттер бойынша);
- басқа жағдайларда - мұндай өзгерістердің/толықтырулардың (оның ішінде жаңа редакциясының) күшіне енуінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын, бұл ретте мұндай өзгерістерді/толықтыруларды (оның ішінде жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналастыру, интернет-банкингі мен мобильді банкингінде хабарламалар жіберу арқылы алдын ала хабарлайды. Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап хабардар етудің тиісті мерзімі ішінде Клиенттің Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер тарифтеріне енгізілетін өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамайтындығы туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Клиенттің мұндай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді.

5.2.6. Байланыс деректерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы, бұл ретте байланыс деректерінің өзгертілетін болжамды күнінен 10 (он) жұмыс күні бұрын Клиентті Банктің веб-сайтында (http://www.forte.kz) хабардар етеді.

5.2.7. Банк алаяқтық фактілері анықталған немесе оларға қатысты негізді күдік туындаған, қол жеткізу сәйкестендіргіштерінің жария болуы, рұқсатсыз қол жеткізу, құрылғы тұтастығының бұзылуы, зиянды бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, қашықтан басқару белгілерінің болуы, SIM-swap, әлеуметтік инженерия немесе өзге де заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда, Клиентті алдын ала хабардар етпестен, Клиенттің, Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Жүйеге, жекелеген құрылғыға, есептік жазбаға, Сервиске немесе API-қолжетімділігіне қол жеткізуін дереу тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

5.2.8. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тәртіпте және көлемде алаяқтық операциялар оқиғалары, әрекеттері мен белгілері, ақпараттық қауіпсіздік инциденттері, қол жеткізу деректерінің жария болуы және өзге де күмәнді әрекеттер туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Антифрод орталығына жіберуге және одан ақпарат алуға құқылы.

5.3. Клиенттің міндеттері:

Клиент:

5.3.1. Банктің қызметтеріне Банк тарифтеріне сәйкес ақы төлеуге;

5.3.2. Банктің веб-сайтында (http://www.forte.kz) орналастырылған ЭБҚ көрсету қағидаларымен өз бетінше танысуға, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістерді және/немесе толықтыруларды тұрақты негізде қадағалап отыруға;

5.3.3. Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету қағидаларының, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен тиісті банктік шот/салым шарттарының талаптарын сақтауға;

5.3.4. Жүйеге, сонымен қатар Сервис арқылы рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін Пайдаланушының логинін, Құпиясөзін, ДСН-ді/Жылдам кіру ДСН-кодын, Құрылған кодты/СМС-кодты/ЭЦҚ/ЭЦҚ/Digipass құрылғысының құпиясөздерін/Бірегей сәйкестендіргіштерді, Client ID, Secret деректерін үшінші тұлғаларға жария етпеуге/бермеуге және сақталуын қамтамасыз етуге, мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатпауға;

5.3.5. Пайдаланушының логині және/немесе Құпиясөзі және/немесе ДСН/Жылдам кіру ДСН-коды және/немесе Құрылған код/СМС-код/ЭЦҚ/ЭЦҚ және/немесе Digipass құрылғысының құпиясөзі/Бірегей сәйкестендіргіштер, Client ID, Secret деректері жоғалған/жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатылған жағдайда, бұл туралы, электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында, Өтінімде көрсетілген Кодтық сөзді айта отырып, Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері бойынша Банкке дереу ауызша хабарлауға;

5.3.6. Банкке электронды құжаттарды орындау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

5.3.7. Клиенттің атынан Жүйеге рұқсатсыз кіру анықталған және/немесе Жүйеге рұқсатсыз кіру орын алғандығына күдік туындаған жағдайда, оның ішінде бұл әрекеттер Клиенттің банктік шоттарына қол жеткізу, Клиенттің атынан электрондық банк қызметтерін алу мақсатында жасалған болса, Жалпы талаптарда көрсетілген байланыс деректері арқылы, Өтінімде көрсетілген Кодтық сөзді айта отырып, Банкті дереу ауызша хабардар етуге;

5.3.8. Төлем немесе ақша аударымын жүргізу қажет болған жағдайда Клиенттің тиісті Банктік шотында электронды құжатты орындауға және Банктің қызметтері үшін Банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақыны төлеуге жеткілікті қаражатты қамтамасыз етуге;
5.3.9. Егер Клиенттің уәкілетті тұлғаларының өкілеттігі тоқтатылған немесе болмаған жағдайда, олардың операцияларды жүргізуіне/қызметтерді алуына жол бермеуге (оны дереу тоқтатуға және тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банкке дереу жазбаша хабарлауға);
5.3.10. Сервисті пайдалануға байланысты барлық ақпараттың, сондай-ақ Шартты орындауға байланысты өзге де ақпараттың, оның ішінде банктік құпияны және дербес деректерді қамтитын мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;
5.3.12. Сервиспен қауіпсіз өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдай отырып, Клиенттің жүйесіне рұқсатсыз кіруден қорғауға;
5.3.13. Анықталған қауіпсіздік инциденттері туралы Банкке хабарлауға;
5.3.14. Сервисті Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе үшінші тұлғалардың мүдделерін бұзатын мақсаттарда пайдаланбауға;
5.3.15. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын және ақпараттық активтерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтауға, оның ішінде Банктің ақпараттық активтерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуының, Банктің және/немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі салдарынан Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы іркілістер мен олардың қауіпсіздігінің бұзылуы нәтижесінде туындаған залалды Шартта белгіленген тәртіпте Банкке өтеуге міндетті.

5.4. Клиенттің құқықтары:

Клиент:
5.4.1. ЭБҚ көрсету қағидаларына сәйкес Пайдаланушының жаңа логинін, Құпиясөзін, ДСН және Digipass құрылғысын, егер бар болса, Client ID, Secret деректерін Өтінімге сәйкес алуға.
5.4.2. Пайдаланушының логині және/немесе Құпиясөзі және/немесе ДСН/Жылдам кіру ДСН-коды және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзі және/немесе Құрылған код/СМС-код және/немесе Digipass құрылғысы/Бірегей сәйкестендіргіштер, Client ID, Secret деректері жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатылған жағдайда, Банктен ЭБҚ көрсету қағидалары мен Жалпы талаптарда белгіленген тәртіпте электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды талап етуге;
5.4.3. Жалпы талаптарда көзделген тәртіпте және талаптарда Интернет желісіне қосылған, мобильді қосымша орнатылған кез келген компьютерден/мобильді немесе басқа құрылғыдан Интернет арқылы байланыс арналары бойынша, сонымен қатар Сервиске өту рұқсатын алу арқылы қашықтан электрондық банк қызметтерін алуға құқылы. Бұл ретте Пайдаланушы/Уәкілетті тұлға Қауіпсіздік процедураларында көрсетілген талаптарды сақтауы тиіс.
5.4.5. Электрондық банк қызметтерін алуға, оның ішінде Сервистің жұмыс істеуіне және оны пайдалану барысында туындайтын инциденттерге байланысты өтініштерді Банкке жолдауға құқылы.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар төмендегілерге келісті:
6.1.1. Клиент тиісті түрде сәйкестендірілген және Клиент ЭБҚ көрсету қағидалары мен Қауіпсіздік процедураларын сақтаған жағдайда, Құрылған кодты/ СМС-кодты/ЭЦҚ/SMS-верификацияны пайдалана отырып, Банкке ұсынылған Клиенттің электронды құжаттарын, егер мұндай электронды құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген болса, Банк Клиенттің түпнұсқа электронды құжаттары ретінде қабылдайды.
6.1.2. Орындалған және жүргізілген төлем тапсырмалары, Клиент Жүйе арқылы басып шығаратын үзінді көшірмелер Банк беретін қағаз нұсқадағы құжаттарға теңестіріледі.
6.2. Клиенттің электронды құжаттарының нақтылығына, толықтығына және растығына Клиент жауапты болады.
6.3. Клиенттің банктік шоты бойынша операцияларды жүргізетін Уәкілетті тұлғалардың тиісті өкілеттіктерінің болмауына байланысты барлық ықтимал наразылықтар бойынша уәкілеттіліктің болмауына қарамастан алынған қызметтерден туындайтын шығынның толық көлемінде толық жауапкершілік Клиентке жүктеледі.
6.4. Банк мына жағдайларда жауапкершілік алмайды:
6.4.1. Клиенттің электронды құжаттарды дұрыс ресімдемегеніне байланысты туындаған кез келген шығын үшін, сонымен қатар Клиенттің электронды құжаттарының Жалпы талаптардың, ЭБҚ көрсету қағидаларының, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда;
6.4.2. Банктің кінәсінен туындамаған Жүйенің жұмысындағы қателер, бас тарту, кідірістер және іркілістер үшін;
6.4.3. Клиенттің және/немесе басқа үшінші тұлғаның жабдығының жарамсыздығына байланысты қателер, кідірістер, Клиенттің Жүйеге қолжетімділік ала алмағаны үшін;
6.4.4. Клиенттің электронды құжатының күшін жоюдың немесе өзгертудің мүмкін болмауы үшін;

6.4.5. Клиент Қауіпсіздік процедураларын сақтамаған жағдайда, Клиенттің жабдығының немесе Клиенттің жабдығында сақталған ақпараттың бүлінгендігі үшін, Клиенттің бағдарламалық жасақтамасы мен компьютерінің түрлі компьютерлік вирустардан қауіпсіздігі үшін;
6.4.6. Пайдаланушының логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзін және/немесе СМС-кодты және/немесе Digipass құрылғысын, Бірегей сәйкестендіргіштерді, Client ID, Secret деректерін үшінші тұлғаның заңды/ заңсыз алуына/ жария етуіне және/немесе мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатуына байланысты Клиент және/немесе үшінші тұлғалар тарапында туындаған кез келген залал, зиян, шығын үшін, сондай-ақ осы деректерді пайдалану нәтижесінде Клиент және/немесе кез келген үшінші тұлғалар жағында туындаған кез келген залал, зиян, шығын үшін, бұған мұндай залалдың, зиянның Банктің, оның ішінде Банк қызметкерінің кінәсінен туындаған жағдайлар қосылмайды.
6.4.7. Жалпы талаптармен, ЭБҚ көрсету қағидаларымен, Қауіпсіздік процедураларымен реттелмейтін басқа барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

7. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

7.1. Банк мына жағдайларда электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға және/немесе Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының электрондық банк қызметтеріне қолжетімділігін тоқтатуға құқылы:
7.1.1. Клиенттің Пайдаланушысының Жүйеде Пайдаланушы логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ құпиясөзін/ СМС-кодты қатарынан 3 (үш) реттен көп қате көрсеткен жағдайда;
7.1.2. Клиенттің Пайдаланушысының Digipass құрылғысын іске қосу кезінде ДСН-ді қатарынан 5 (бес) реттен артық қате көрсетіп, Digipass құрылғысы бұғатталғанда;
7.1.3. Клиенттің Банктік шоттарына рұқсатсыз өту немесе Жүйені рұқсатсыз пайдалану қаупі бар деген күдік туындаған кезде;
7.1.4. Электрондық банк қызметі көрсетілетін Клиенттің Банктік шотында тыйым салу және/немесе шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуді уақытша шектеу және/немесе үшінші тұлғалардың орындалмаған талаптары болған кезде;
7.1.5. Клиенттің уәкілетті тұлғасы/ Пайдаланушысы Пайдаланушының логинін және/немесе Құпиясөзін және/немесе ДСН және/немесе Жылдам кіру ДСН-кодын және/немесе Құрылған кодты және/немесе ЭЦҚ/ЭЦҚ құпиясөзі және/немесе СМС-кодты және/немесе Digipass құрылғысын, Бірегей сәйкестендіргіштерді, Client ID, Secret жоғалтқан/жария еткен/үшінші тұлғаларға берген және/немесе мобильді телефонға/басқа құрылғыға үшінші тұлғалардың FaceID/TouchID орнатқан жағдайда, Банк Клиенттен Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының тиісті ауызша немесе жазбаша өтінішін алса;
7.1.6. электрондық банк қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулары болса;
7.1.7. ЭБҚ көрсету қағидаларында және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда.
7.2. Банк келесі жағдайларда электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтатуға құқылы:
7.2.1. егер Клиенттің Шарт бойынша банктік операцияларды/Банктің басқа да қызметтері үшін төлем жасау бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімдегі берешегі болса;
7.2.2. Клиенттің Банктегі барлық Банктік шоттары заңнамада белгіленген тәртіпте жабылған болса;
7.2.3. Клиент Жалпы талаптарда көзделген электрондық банк қызметтерін ұсыну тәртібі мен талаптарын бұзса;
7.3. Клиенттің тиісті түрде ресімделген хаты негізінде Клиентке электрондық банк қызметтерін көрсету тоқтата тұру жағдайында және/немесе Клиенттің Банк алдында банктік операцияларды жүргізу қызметтерінің ақысы үшін 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам кешіктірілген берешегі болған жағдайда, электрондық банк қызметтерін алу мүмкіндігі Клиенттің барлық Пайдаланушылары/Уәкілетті тұлғалары үшін уақытша тоқтатылады. Клиенттің нақты Пайдаланушысы/Уәкілетті тұлғасы үшін электрондық банк қызметтерін ұсынуды тоқтата тұру Клиенттің өзге Пайдаланушыларының/Уәкілетті тұлғаларының электрондық банк қызметтерін алуына кедергі келтірмейді, яғни қызметтерді ұсыну тоқтатылмайды.
7.4. Осы арқылы Тараптар Жалпы талаптардың 7.2. тармағында қарастырылған негіздер бойынша электрондық банк қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату мақсатында Банктің Digipass құрылғысын дереу өшіру/ Пайдаланушыны/Клиенттің уәкілетті тұлғасын бұғаттауы, Сервиске өту мүмкіндігін тоқтатуы арқылы Жүйеге қолжетімділікті бұғаттау дерегі Клиентті электрондық банк қызметін көрсетуді тоқтата тұру/тоқтату туралы тиісті түрде хабардар ету болып табылатындығы жайлы келісті.
7.5. Клиенттің электрондық банк қызметтерін алу құқығын тоқтата тұруға әкеп соққан себептер жойылған жағдайда, Банк Клиентке электрондық банк қызметтерін көрсетуді жалғастырады, бұл ретте Пайдаланушының/Клиенттің уәкілетті тұлғасының Digipass құрылғысын іске қосу арқылы Жүйеге кіру, Сервиске өту мүмкіндігін беру Клиенттің құқықтарын қалпына келтіру туралы Клиентке жеткілікті және тиісті түрде хабарлау болып табылады.

7.6. Электрондық банк қызметтерін қайта қалпына келтіруді Банк ЭБҚ көрсету қағидаларында қарастырылған негізде және тәртіпте іске асырады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Шарттың талаптарын тиісті түрде орындау бойынша туындайтын дауларды Тараптар келіссөздер арқылы, ал келісімге келе алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте шешеді.
8.2. Шарт аясында жіберілетін барлық хабарландырулар мен хабарламалар жазбаша түрде болуы тиіс. Егер олар тапсырысты хатпен, факс, телеграф арқылы немесе жеке қолына табысталған жағдайда, таңдалған байланыс арнасы адресатқа жеткізілгендігі туралы хабарлама/хабарландыру арқылы расталатын болса ғана тиісті түрде жіберілген болып саналады. Шарт бойынша хабарламалар Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана өзге тәртіпте жасалуы мүмкін.
8.3. Жалпы талаптарға барлық өзгертулер мен толықтырулар егер басқасы заңнамамен белгіленбеген болса Жалпы талаптарда көрсетілген тәсілмен жасалуы тиіс.
8.4. Шартта реттелмейтін барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.

«Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі /
«ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерін/ «ForteBusiness API»
сервисін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын жалпы талаптардың
1-ҚОСЫМШАСЫ

Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операцияларды жүргізудің жалпы талаптарына

ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ[1]

Клиент толтырады

Өтініш берушінің атауы (бұдан әрі – Клиент):

_____

(Клиенттің толық атауы)

Клиенттің ЖСН																			
KZT ағымдағы шотының №																			

Клиенттің мекенжайы:

_____

(Клиенттің заңды мекенжайы)

_____

(Клиенттің нақты мекенжайы)

Осы арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Клиент оған мәлім және Клиент үшін міндетті күші бар «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді интернет-банкинг» жүйесін пайдалану арқылы клиенттердің банктік шоттары бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) қолданыстағы редакциясына қосылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «ForteBank» АҚ талаптарының негізінде «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді интернет-банкинг» жүйесін пайдалану арқылы қызмет көрсетуді сұрайды.

Осы арқылы Клиент:

- www.forte.kz адресі бойынша «ForteBank» АҚ ресми интернет-сайтында жарияланған Жалпы талаптармен танысқанын, оның мәтінін түсінгенін, келісетінін және оларды орындауға міндеттелетінін;
- осы Өтініш «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді интернет-банкинг/«ForteBusiness API сервисі» жүйесі арқылы Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы шарттың жасалу фактісін растайтын құжат болып табылатынын;
- осы Өтініш негізінде «Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг және мобильді интернет-банкинг/«ForteBusiness API сервисі» жүйесі арқылы Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы шартты жасау пайдасына таңдау жасағанын растайды.

Қол қойылды / Подписано: *(Аты-жөні/ФИО)* Қол қойылған күні / Дата подписания: _____ Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні[2] / Дата истечения сертификата: _____	

[1]Заңды тұлғаларға Мобильді интернет-банкингінде қызмет көрсету процесі техникалық тұрғыдан жүзеге асырылғанға дейін осы нысанды тек қана Клиент - жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор өтінішті қашықтан беру және оған қол қою кезінде қолданады.

[2]Өтінішке ЭЦҚ-мен қол қойған кезде көрсетіледі.

Өкімдік құжаттар процесі, №_____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ж., уақыты _____

«Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі /
«ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерін/ «ForteBusiness API»
сервисін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын жалпы талаптардың
2-ҚОСЫМШАСЫ

Клиенттің – жеке кәсіпкердің, шаруа (фермер) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың
САУАЛНАМАСЫ[3]

Толық атауы	
ЖСН	

Заңды мекенжайы (тіркелген жері) (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі)	
Нақты тұратын (орналасқан) мекенжайы (мемлекет, облыс, аудан, елді мекен (қала, ауыл және т.б.), көше, үйдің және пәтердің нөмірі) *(жоғарыда көрсетілгеннен өзгеше болса)*	
Байланыс телефонының нөмірі:	
Электронды пошта адресі	

Осы сауалнамада көрсетілген деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

Қол қойылды / Подписано: *(Аты-жөні/ФИО)* Қол қойылған күні / Дата подписания: _____ Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні[1] / Дата истечения сертификата: _____	

[3]Бұл нысан сауалнамаға қашықтан қол қойылған кезде қолданылады
[1]Өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қойған жағдайда көрсетіледі

Өкімдік құжаттар процесі, №_____ өтінім. Құжатқа қол қойылған күн - _____ж., уақыты _____

«Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» интернет-банкингі /
«ForteBusiness» мобильді интернет-банкингі» жүйелерін/ «ForteBusiness API»
сервисін пайдалану арқылы қашықтан қызмет көрсетуге қойылатын жалпы талаптардың
3-ҚОСЫМШАСЫ

«ForteBusiness API» сервисіне қолжетімділік беру туралы өтінім

Пайдаланушының атауы	
Пайдаланушының БСН/ЖСН	
Пайдаланушының электрондық поштасы	
Пайдаланушының Whatsapp/Telegram	
Пайдаланушының байланыс нөмірі	

Т.А.Ә._____;

Лауазымы: _____;

Қолы: _____; Күні: «_____» _____ 202__ ж.

М.О.

«ForteBank» АҚ қызметкері туралы мәліметтер:

Т.А.Ә./қолы: _____

Лауазымы: _____